

## ХАЛЫҚТЫҚ ПОЭЗИЯ ЖӘНЕ АҚЫНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ – БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҚАЙНАР БАСТАУЫ

Нурулла Ж.О. Кенесбаева А.Н.  
zhanar.n06@icloud.com. asemkenesbaeva16@gmail.com

6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі ББ 1курс 3ж.студенттері.  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау. Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі, г.ғ.м., сеньор-лектор - Атаханова Н.А.

### Аңдатпа

Мақалада бүгінгі балалар поэзиясының қайнар бастаулары болып табылатын халықтық поэзияға, ағартушы-демократ ақындар шығармашылығына назар аудару қарастырылған. Біздің көздеген мақсатымыз да балалар поэзиясының түп негіздеріне тән дәстүрлі көркемдік ерекшеліктер ішінен балалар поэзиясының поэтикалық қорына алмасқан сипаттарды зерделей тану, олардың кейінгі кезеңдерде, жаңғыру, жаңару үрдістерін бағамдау болды.

**Кілт сөздер:** балалар поэзиясы, фольклор, халықтық поэзия, балалар әдебиеті, ұлттық сипат, әдеби дәстүр.

### КІРІСПЕ

Мақаланың негізгі өзегі – бүгінгі балалар поэзиясының қайнар бастауларын айқындау. Зерттеудің өзектілігі балалар әдебиетінің фольклорлық негіздерін, атап айтқанда халықтық поэзия мен ағартушы-демократ ақындардың шығармашылығын зерделеумен байланысты. Сәбидің дүние есігін ашқан сәттен бастап «Бесік жыры» арқылы ұлттық тәрбиемен сусындауы, фольклордың халық тарихы мен дәстүрлі дүниетанымының алтын қоры екендігі негізделген. Мақаланың мақсаты – балалар поэзиясына тән дәстүрлі көркемдік ерекшеліктерді анықтау және олардың қазіргі кезеңдегі жаңғыру, жаңару үрдістерін бағамдау.

### МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу жұмысында М. Әуезовтің фольклорлық классификациясы (жіктемесі) негізгі әдістемелік бағдар ретінде алынды. Сонымен қатар, М. Қаратаев, З. Серікқалиев, М. Ғабдуллин, Ш. Ыбыраев сияқты ғалымдардың әдебиеттану мен фольклортану саласындағы еңбектері ғылыми негіз ретінде пайдаланылды. Зерттеу барысында:

- Салыстырмалы талдау: Халықтық мұра мен авторлық балалар поэзиясының үндестігін анықтау;
- Тарихи-функционалдық әдіс: Дәстүрлі жанрлардың (жұмбақ, жаңылтпаш, тұрмыс-салт жырлары) уақыт талабына сай өзгеріске түсуін саралау;
- Жүйелеу: Балалар фольклорының түрлерін (санамақ, ойын өлеңдері, мазақтау т.б.) бүгінгі поэзиямен байланыстыра қарастыру әдістері қолданылды.

«Жарық дүние шапағатымен жаңа ғана табысқан нәресте бесікте жатып-ақ өзін қанатты жырымен тербеп, аялап әлдилеген ана мейірімін сезеді. Жұмсақ, жылы лебіз, тамылжыған әсерлі ән бөбек жүрегіне жайлы бір ырғақ, төгілген күй нәшін, күй әуезін жеткізеді: «Әлди-әлди ақ бөпем, ақ бесікке жат, бөпем...» толғанып, тебіреніп жатқан ана махаббатын, баласының ар-намысы таза, адамгершілігі биік, өнерпаз, адал азамат боп өсуін тілейтін қамқоршы жанның арман-үміті астарлас осынау жолдардың сырын жете ұқпаса да, титімдей сәби әлди сазын, ән әуенін аңғарады» [1,289]. Ғасырлардан ғасырларға ұласып, қазақ баласының мың сан ұрпағының жан- жүрегіне шуақ болып құйылған «Бесік жырының» алаңсыз сәбиге әсері жайында толғаған З.Серікқалиев пікірін бір ғана «Бесік жырымен» байланыстырып қалмай, тұтастай халық ауыз әдебиетінің ұлт баласын тәрбиелеудегі әсер-

ықпалына қатысты қабылдауға болар еді. Өйткені дүниедегі кез келген халық болашақтың жарқын, ұрпағының бақытты, өмір-тіршілікте жақсылық, ізгілік, адамгершілік қасиеттердің мол болуын аңсайды. Сондықтан да, «өз дүниетанымын салты мен дәстүрін, ғұмырлық тарихын ең алдымен өнергесіңірген, сол арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген. Бұл орайда, баға жетпес байлық, құнды да құнарлы дерек көзі – фольклор. Фольклор – барша ұлттық мәдениеттің қайнар бұлағы болумен қатар, халық тарихының дәстүрлі дүниетанымының жинақталған алтын қоры, халықтың рухани жан дүниесімен айнасы, сонымен қатар, ол өткеннің елесі ғана емес, бүгінде халық тұрмысында өмірсүріп, көркем өнердің қайнары, дүниетанудың оқулығына айналған мәңгілік жас мұра. Қай халықтың болмасын өзінің тек тамырын, танып, ұлттық келбетін айқындайды ғылыми сараның ең алдымен дәстүрлі дүниетанымының таусылмас қазынасы – фольклорға жүгініп жататын да сондықтан» [2, 3-4].

Бүгінгі балалар поэзиясы – уақыт дамуына ілесе, түрлі кезеңдердегі қоғам өміріндегі өзгерістер мен әлеумет тірлігіндегі жаңа жағдайларға ілесе, адам санасында пайда болған жаңа талғам-түсініктермен орайласа іштей жетіліп, дамып, жаңғырып, соған сәйкес, кейбір тұстарда арғы негізінен сыртқы пішін жағынан өзгешелеу көрініс тапқанымен, түпкі мазмұны мен мәні, тәрбиелеушілік мақсаты тұрғысынан қара үзіп кетпеген, тұтастай көркемдік болмысы халық ауыз әдебиетінің заңды жалғасы екендігін айшықтай танытып тұрған көркем әдебиет саласы. Бүгінгі балалар поэзиясының өзінің түп негізі – халық ауыз әдебиетіне, оның ішінде халықтық поэзия үлгілеріне ұқсап та, ұқсамай да тұруы – бүгінгі ұлттық әдебиет кемелдігінің бір белгісі. Бұл орайда М.Қаратаевтың: «Өмірдің күрделілігіне қарай оны көркем бейнелейтін өнердің де саласы мен түрі, әдісі мен тәсілі өте көп те күрделі. Өнердің мұндай көп салалығы, көп қырлылығы оның өскен, кемелденген кезіне тән. Ал енді өнердің көркем әдебиет саласын алсақ, оның да өз ішінде сан сала тарау, тармақтары, шартты шекаралықтар баршылық» [3,3], - деген пікірінің дұрыстығына ден қойған жөн.

Ұлттық балалар поэзиясының халық ауыз әдебиетімен сабақтастығын зерделей тану үшін, бірінші кезекте, халық ауыз әдебиетіне тән түрлердің ішкі мазмұны мен идеялық тәрбиелік мақсаттарының бүгінгі балалар поэзиясында қандай сипатта, қаншалықты үндестікте көрініс тауып отырғанын бағымдау абзал. Қазіргі әдебиеттануда халық ауыз әдебиетін құрайтын ішкі жанрлар мен түрлерді топтастырудың бірнеше үгілері бар. Ғылым дамуында бұл – заңды құбылыс. Әйтсе де, біздің мақсат халықтық әдебиет үлгілерін классификациялау болмағандықтан, мақсатымызға орай, М.Әуезов жіктемесін басшылыққа алғанды жөн тұттық. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры формасы жағынан мейлінше алуан түрлі және біздің заманымызға дейін мол нұсқасы сақталып жетті. Бұдан халықтың өзінің ақындық табиғаты да байқалады, - дей келе, қазақ эпосы мен фольклорын төмендегідей тарауларға бөледі:

1. Халық поэзиясының шағын түрлері: үйлену-салт жырлары («жар-жар», «бет ашар», «сыңсу»), мұң-шер өлеңдері («жөқтау», «қоштасу», «естірту»).

2. Ертегі, аңыздар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар («қиял-ғажайып ертегілер», «хайуанат жайындағы ертегілер», «салт ертегілер», «балаларға арналған ертегілер», «аңыз ертегілер», «күй аңызы»).

3. Батырлар жыры («Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын»).

4. Ғашықтық жырлары («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан»).

5. Тарихи жырлар

6. Айтыс өлеңдері» [4,158-159].

Әуезов жіктемесінде алты топқа бөлінген халықтық әдебиет түрлерінің әрқайсысы өзінің негізгі тақырыбына сәйкес, өзіндік мазмұнға, сюжеттік-композициялық түзілімге, идеялық ерекшеліктерге ие екендігі белгілі. Осы түрлердің әрқайсысының да көркемдік болмыс-бітіміне тән сипаттарды бүгінгі балалар поэзиясынан түрлі дәрежеде кезіктіре аламыз. Әрине, бұл тұрғыда Әуезов жіктеуінде шағын түрлер ретінде қарастырылған үйлену-салт жырлары, мұң-шер өлеңдері, сондай-ақ ғашықтық жырлардың тақырыбы мен мазмұнына тән мәселелер балалар поэзиясы табиғатынан алшақтау тұрғандықтан, аталмыш

түрлердің негізгі айшықты сипаттарын бүгінгі балалар поэзиясынан іздеудің өзі орайсыз болары түсінікті.

Десек те, осы түрлердің жекелеген көркемдік элементтерінің өзі балалар поэзиясында жаңаша жаңғырып, жаңа мазмұн иелене көрініс беретін тұстары бар. Мәселен, үйлену-салт жырларын жаңғырта қолданудың бір үлгісін Ө.Тұрманжановтың «Құмырсқалар аралар – айнымас дос, құдалар» өлең-ертегісінен халқымыздың жар салу, қыз айттыру сияқты үйлену салтына қатысты сәттердің бейнеленуінен көре аламыз. Ертедегі жаршы сөзіне назар аударсақ, оның:

-Ей, жарандар, жарандар!  
Бері таман қараңдар!  
Хан тойына барындар!  
Бал-шәрбатқа қанындар!  
Ханның қызын көріңдер,

Көріп баға беріңдер! –деп келетін өлеңінің құрылымы да, айтар ойы да халықтық «Беташардың» үлгісінде келетіні анық аңғарылады. Автор халықтық өлең үлгісін өз мақсатына орай жаңғыртқаны көрініп тұр. Орайлы тұстарда тұрмыс-салт жырларына жаңа мазмұн үстей қолдану көріністерін кейінгі балалар ақындарының тәжірибесінен ұшырастыруға болады. Дегенмен, осы сипатта болса да, кейінгі балалар поэзиясының халықтық әдебиеттегі ғашықтық жырларымен байланысы жайында сөз сабақтау қиындау. Оның басты себебі бүгінгі балалар поэзиясының негізгі жүгін көтеріп келе жатқан шығармалардың дені кеңестік кезеңде жазылуына қатысты болса керек. Ал кеңестік кезеңде махаббат, ғашықтық тақырыбының балалар үшін жабық тақырып болғаны кім-кімге де белгілі. Шындығында бұл тақырыпты балалар үшін жауып қоюдың қажеттігі шамалы, керісінше, бүгінгі балалар поэзиясында адамгершілік, адалды, құрметтеу, шынайы сыйластық сезімдерімен арқауласа көрінетін тақырыптардың біріне айналуы тиіс. Шығармашылықпен келген жағдайда аталмыш тақырыпты жасөспірімдер мен ересек балалар тәрбиесімен өзектестіре, көркем жеткізудің дәстүрлі болатыны күмәнсіз. Өйткені «халық адамның сыртқы ажар-көркін суреттеумен қатар, адамға тән ізгі қасиетті, шынайы махаббатты, достықты, әсем мінез-құлықты қастерлеп жырға қосады. Қазақтың лиро-эпос жырларындағы Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Төлеген мен Жібек, Айман, Шолпан бейнелері халық туғызған идеал образдардың толық сипаттамасы, жиынтығы іспеттес» [5,36].

Халықтық әдебиет түрлері қатарынан балалар поэзиясында кеңінен өріс тапқаны – жұмбақтар мен жаңылтпаштар. Олай болуы да заңды құбылыс. Оның себебі аталған түрлердің ерте дәуірлерде қалыптасқан негізі ерекшелігінің өзібала тәрбиесіне тікелей байланысты болуына жатыр. Жасырылған қандай да бір заттың яки құбылыстың атын айтпай, оны сөзбен бейнеленген негізгі сипаттары арқылы тани білуге үйретуді көздейтін халықтық жұмбақтар жас ұрпақты тапқырлыққа, алғырлыққа, алғырымпаздыққа, білімділікке, бейнелі ойлай білуге тәрбиелеуді мақсат етсе, осы ерекшелік бүгінгі балалар поэзиясындағы авторлық жұмбақтарға да етене болып табылады. Аталмыш жұмбақтар арасындағы ерекшелік жасырылатын объектіе ғана қатысты. Оның себебі уақыт дамуына орайласа әлеумет өмірінде пайда болған жаңа заттарға ұғым-түсініктерге байланысты екендігі де түсінікті. Мәселен, Қ.Мырза-Әли жұмыс шамын «Қозықұйрық өсіп тұр үстелімде» деп жұмбақтаса, шлангіні «Бақ ішінде жылан жатыр, Айналасын шылап жатыр» деп жасырады, ал зебраның жұмбақ бейнесі «Құрық та салдырмай бұлқынар, Матрос майкалы жылқылар» болып келеді. Халық жұмбақтары дәстүрін уақыт ерекшелігіне орайластыра, жаңа мазмұнда жаңғырта өрістеткен авторлық жұмбақтарды балалар ақындарының көпшілігінен ұшырастыра аламыз.

Халықтық жұмбақтарда баланы тапқырлық, байқампаздыққа баулу мақсат етілсе, жаңылтпаштарда баланың тілін ұстарту, дұрыс сөйлей білуге қалыптастыру көзделеді де, соған орай жаңылтпашта қолданылатын сөздер дыбыстық жағынан біріне-бірі ұқсас, үндес болып келеді. М.Ғабдуллин анықтамасы бойынша: «Жаңылтпаш айтқанда екі нәрсе

ескерілетін секілді. Біріншіден – жиналған жұртты күлдіру; екіншіден – әрбір сөзді шебер айтуға, тіл ұстартуға үйрету» [6,50]. Бұл сипаттар халықтық жаңылтпаштарда:

Ол алқапты олар орар,

Бұл алқапты бұлар орар.

Орал ормаса, Орал орар, - деген үлгіде болып келсе, бұл орайда бүгінгі балалар ақындарының поэзиясында кеңінен өріс алған авторлық жаңылтпаштардың қзіндік ерекшеліктерін аңдау үшін кейбір үлгілеріне зер салып байқалық:

М.Жаманбалинов жаңылтпашы:

Арқада алты арқар бар.

Қырда қырық арқар бар,

Бір қарт арқар бар.

Алты арқарға қырық арқарды,

Қырық арқарға қарт арқарды

Қосса, қанша арқар бар?

Байқалып тұрғандай, авторлық жаңылтпаштар да жоғарыда аталған мақсаттар тән, сонымен бірге олардан тәрбиелік мақсат та айқын танылады. Мәселен, М.Жаманбалинов жаңылтпашында дәстүрлі мақсатпен қатар баланы есепке үйрету де ескерілген. Демек, авторлық жаңылтпаштардың жаңалығы да халықтық жаңылтпаштардағы күлдіру, тіл ұстарту мақсаттарына тәрбиелік міндет үстеуі болып табылмақ. Бұл сипаттың өзі бүгінгі балалар поэзиясының қайнар бастауы.

Халық ауыз әдебиеті мен балалар поэзиясы сабақтастығы мәселесінде назар аударатын тағы бір тұс бар. Ол – балалар фольклоры. Бұл орайда Ш.Ыбыраев пікіріне деп қойсақ, ол қазақ балалар фольклорының санамақ, бесік жыры, тұсау кесу жыры, төрт түлік жырлары, ойын өлеңдеріөтірік өлеңдер, тақпақтар, қаламақ, сұрамақ, арнау-тілек өлеңдері, мазақтау сияқты жанрлық түрлерін көрсетеді [7,6]. Фольклортанушы ғалым атаған түрлердің қай-қайсысын да бүгінгі балалар поэзиясынан кездестіре аламыз. Бұл тұрғыдан бүгінгі балалар поэзиясы ғасырлар бойына қалыптасқан балалар фольклорының жаңа қоғамдағы заңды мұрагері, заңды жалғасы болып табылары шүбәсіз.

Халық ауыз әдебиеті бүгінгі балалар поэзиясының көркемдік болмысында ұлттық сипаттардың, ұлттық әдеби дәстүрлердің қалыптасуында шешуші орын иеленсе, ұлттық балалар поэзиясының жазба поэзия талаптарына сәйкес өркендеуінде ХІХ ғасырдың орта тұсынан ХХ ғасыр басына дейінгі аралықта әдеби шығармашылықпен айналысқан халқымыздың ағартушы-демократтық бағыттағы ақындары маңызды роль атқарады. Балалар әдебиетін зерттеуші ғалымдардың барлығы да бұл орайда ортақ пікір ұстанады. Мәселен, осы мәселеге байланысты ойын Т.Мәмесейіт: «Қазақ әдебиетінің үлкен бір саласы балалар әдебиеті де бұл күнде іргесі берік, керегесі биік еңселу ақ отаудай елестейді. Сонау Абай, Ыбырай аталарымыздан басталған дәстүрді жалғастырып күні бүгінге дейін осы бір аяулы да ардақты ақ отаудың жиһазын жабдықтауға атсалысқан көптеген сарбаздары қалыптасты» [8,278], - деп жеткізеді. Ал өткен ғасырдың 50-жылдары балалар әдебиеті жайында ой қозғаған мақалаларының бірінде А.Нұрқатов: «Балалар әдебиеті – қазақ совет әдебиетінің ең жас, кенже саласы. Абайдың өнер-білімге, мәдениетке шақырған кейбір ғибраттық өлеңдерін, Ыбырайдың шағын әңгімелері мен новеллаларын, орыс жазушыларының шығармаларынан кейбір аударғандарын былай қойғанда, революцияға дейін қазақтың шын мәнісіндегі балалар әдебиеті болды деп үзілді-кесілді айту қиын» [9,79], - деген пікір айтады. А.Нұрқатов пікірінде кеңестік уақыт әсері де бар, дегенмен Абай, Ыбырай шығармаларына байланысты айтылған ойларының дұрыстығына ден қою да жөн болар. Себебі Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев шығармаларында балалар тақырыптарының көрінуі қазақ даласында балалар әдебиетінің ішкі нышандары туғандығын айғақтайды, алайда тұтастай балалар әдебиеті қаз тұрып кетті деуге негіз бола алмаса керек. Демек, аталған ақындар поэзиясында балаларға арналған және балалар пайдалана алатын өлеңдердің тууын ұлттық балалар поэзиясының пайда болуының алғашқы бастаулары ретінде танып, бағалаған орынды.

Осы орайда бүгінгі балалар поэзиясының бастау негіздері жайында ой түйінін жасар болсақ, әуелгі кезекте, қандай да бір өнер дамуында уақыт өзгерісінің әсер-ықпалы айрықша екендігін ескермеске болмайды. Бұл тұрғыда С.Мақпырұлының: «Уақыт – қоғам мен адам өмірінің ғана өлшемі емес, тарихтың да таразысы, сыншысы. ... Өткенсіз бүгін жоқ. Өмірде де, өнерде де бұл бұлжылмас қағида заңдылық. Бүгінгі болмыс өткен мен бүгіннің диалектикалық бірлік-байланысынан тұрады. Сондықтан да әдебиеттану ғылымының ұлттық сөз өнерінің бүгінгі жетістіктерін саралаумен қатар оның кешегі тарихына да жиі-жиі оралып, ой көзін салып отыруы ғылымның мәдениеттің жетілгендігінің бір белгісі болмақ» [10,16], - деген пікіріне ден қою абзал.

### **ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

Зерттеу барысында төмендегідей нәтижелер айқындалды:

**1.Дәстүр сабақтастығы:** Бүгінгі балалар поэзиясы сыртқы пішіні жағынан өзгергенімен, мазмұны мен тәрбиелік мәні тұрғысынан халық ауыз әдебиетінің заңды жалғасы болып табылады.

**2. Жанрлық жаңғыру: Жұмбақтар:** Авторлық жұмбақтарда (Қ. Мырза-Әли шығармалары) жасырылатын нысандар заманауи техника мен ұғымдарға ауысқанымен, логикалық ойлауды дамыту функциясы сақталған. **Жаңылтпаштар:** Халықтық жаңылтпаштардағы күлдіру және тіл ұстарту мақсатына қосымша ретінде, авторлық нұсқаларда (М. Жаманбалинов) есеп үйрету сияқты дидактикалық міндеттер қосылған.

**3.Тұрмыс-салт жырларының трансформациясы:** Ө. Тұрманжанов секілді ақындардың шығармаларында ертедегі «жаршы» сөзі мен «беташар» үлгілері жаңа мазмұнда қолданыс тапқан.

**4.Ағартушылық кезеңнің рөлі:** Ы. Алтынсарин мен А. Құнанбаев шығармалары ұлттық жазба балалар поэзиясының іргетасын қалап, фольклор мен кәсіби әдебиет арасындағы алтын көпір болғаны дәлелденді.

### **ҚОРЫТЫНДЫ**

Зерттеу қорытындысы бойынша, балалар поэзиясының дамуы – өткен мен бүгіннің диалектикалық бірлігінен тұрады. Халықтық поэзия – ұлттық сипат пен әдеби дәстүрдің қайнар бұлағы. Бүгінгі балалар әдебиеті фольклорлық мұраны тек сақтап қана қоймай, оны заман талабына сай байытып, жаңа сапалық деңгейге көтерген. Демек, ұлттық балалар поэзиясының болашағы оның тамыры терең халықтық өнермен сабақтастығында жатыр.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

- 1.Серікқалиев З. Ақ жол:Сын кітабы:мақалалар, зерттеулер. Алматы:Жазушы, 1990. – 464 б.
- 2.Тал бесіктен жер бесікке дейін: (Қазақтың отбасылық ғұрып жырлары). Құрастырып, алғы сөзі мен түсініктемесін жазған К.Іслямжанұлы. Алматы:Ана тілі, 1995. – 272 б.
- 3.Жанр сипаты. Ред. басқ. ҚазССР Ғылым академиясының мүше-корресп-ті, проф. М.Қ.Қаратаев. Алматы: Ғылым, 1971. – 269 б.
- 4.Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы.// т-17. – Алматы:Жазушы, 1985. – 352 б.
- 5.Әлібеков Ш. Қазақ фольклорындағы әсемдік. Алматы: Қазақстан, 1979. – 44 б.
- 6.Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы: Санат, 1996. – 368 б.
- 7.Ыбыраев Ш. Мәңгі балауса жыр//Ақ сандық, көк сандық: Балалар фольклоры/Құраст., алғы сөзін жазған Ш.Ибраев. Алматы: Жазушы, 1998. – 3-14 б.
- 7.Мәмесейіт Т. Дидар. Әдеби сын. (мақалалар, портреттер мен эсселер). Астана:Елорда, 2005. – 344 б.
- 8.Нұрқатов А. Балаларға арналған шығармалар туралы// Халық мұғалімі. 19547 - №2. – 79-84 б.
- 9.Мақпырұлы С. Қазына. Әдеби мақалалар зерттеулер. Әдістеме. Алматы:Арыс, 2004. – 320 б.